



ПРЕСС-РЕЛИЗ

Альянс Банкі ШОБ секторының 200-ден астам клиенттерінің қарыздарын қайта қаржыландырды

6 қаңтар 2012 ж. – «Альянс Банкі» АҚ ШОБ секторы клиенттері үшін 2011 жылдың сәуірінен 31 желтоқсанына дейінгі екі кезеңде өткізген «Қарызды өсімпұлсыз және пайызсыз өте» акциясының нәтижелерін шығарды.

Банк бастаған акция шарттарын 229 клиент пайдаланып, жалпы алғанда, негізгі қарызын 730 млн. теңгеден астам сомаға өтеді.

Төлем уақытын өткізген Банктің ШОБ секторы клиенттеріне, негізгі қарыздың өтелетін үлесіне қарай, қайта құрылымдаудың бірнеше жолы ұсынылды.

Мәселен, **бірінші опция** негізгі қарыздың 100%-н бірден немесе тең үлестермен өтеген клиенттерге өсімпұл мен барлық мерзімі өткен және есептелген пайыздарды жоюға мүмкіндік берді.

Екінші опция арқылы негізгі қарыздың 50%-н бірден немесе тең үлестермен өтегенде өсімпұлды толықтай, ал мерзімі өткен және есептелген пайыздардың тең жартысын жоюға жол берілді; қалған пайыздар заем мерзімінің соңына дейін тең үлестермен бөлінді.

Үшінші опцияның шарттары бойынша, мерзімі өткен негізгі қарыздың 50 пайызынан 100 пайызына дейін өтеп, өсімпұлды толықтай жоюға және мерзімі өткен пайыздардың пропорционалды үлесін есептен шығару қамтамасыз етілді.

Төртінші опция клиенттің негізгі қарызын өтемей-ақ, өсімпұлды толық жоюды қарастырды. Сондай-ақ, акцияны пайдаланған клиенттің үстемақы мөлшерлемесі 5%-ға азайтылып (бірақ жылдық 10%-дан төмен емес), несиені өтеу мерзімін 36 айға ұзарту мүмкіндігі ұсынылды (бірақ осы Акция аясында несиені қайта құрылымдау күнінен 84 айдан көп емес), мерзімі өткен және есептелген пайыздар заем мерзімінің соңына дейін тең үлестермен бөлінді.

Аталған опциялармен қатар, Банк алдындағы қарызын толықтай өтеуді немесе төлемдер кестесіне қайта тұруды шешкен клиенттер үшін қарызды қайта құрылымдау өтінімдерін қарастырудың жеңілдетілген ресімі көзделіп, қайта құрылымдау үшін комиссия алынбады. Сонымен бірге, 1, 2 немесе 3 опцияны таңдаған клиенттерге негізгі қарызды мерзімінен бұрын жартылай немесе толығымен өтегені үшін айыппұл ықпалшаралары қолданылмады.

Бірінші және үшінші опциялар ең көп таңдалып, бірінші опция бойынша негізгі қарызды өтеу Акцияның жалпы өтемдер көлемінің 2/3-сін құрап, 521,7 млн. теңгеге теңелді. Акция шарттарын пайдаланған клиенттердің көбісінде қарыз мерзімі 90 күннен асқан еді.



АльянсБанкі

Қазақстан Республикасы, 050004 Алматы қ-сы, Фурманов к-сі, 50
Республика Казахстан, 050004, город Алматы, ул. Фурманова, 50
50 Furmanov Str., P.O.Box 050004, Almaty, Republic of Kazakhstan
Phone: +7 (727) 258-40-40 info@alb.kz
Fax : +7 (727) 259-67-87 www.alb.kz

ПРЕСС-РЕЛИЗ

«Альянс Банкі» АҚ Басқарма Төрағасы Мақсат Қабашев акция нәтижелері туралы былай деді:

«Біз уақытша қиындықтарды кешіп отырса да, ұсынылған шарттарды пайдаланып қалуды шешкен клиенттерімізге алғысымызды білдіреміз. Олар өздерінің бизнесін сақтап қана қоймай, өз несие тарихын тазартып және алдағы уақытта дамуға мүмкіндік алды. Банк есептелген пайыздар мен өсімпұлды шығын ретінде қарастырмайды, керісінше, бұл Қазақстан экономикасының тұрақтануы мен дамуына біздің қосқан үлесіміз деп көреміз. Біз үшін басты нәтиже – екі жүз шағын және орта бизнес кәсіпорындарына қалпына келіп, бизнесін кеңейтуге жаңа мүмкіндіктің берлуі және екі мыңнан астам жұмыс орындарының сақталуы».

Қосымша ақпарат алу үшін мына нөмірге хабарласыңыз:

«Альянс Банкі» АҚ Баспасөз қызметі

Тел. +7 (727) 258 40 40

Е-mail: pr@alb.kz

Веб-сайт: www.alb.kz